

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ	Мектепалды даярлық				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	5-6 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Тоғызбаева Жақсыгүл				
Жоспардың құрылу кезеңі	29, 31.08, 01,02.09.2022 ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі				01.09.2022	02.09.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Балабақшаның ережелері" , "Баланың тазалығы".				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еңбек: аланды қоқыстан тазарту. Мақсаты: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.		Еңбек: аланды қоқыстан тазарту. Мақсаты: алаңда тәртіп пен тазалық сақтау. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсаты. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсаты. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету.
	"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: кеңістікті		"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. Мақсаты:	Үстел үсті ойыны. "Лото. Қыздар мен ұлдардың киімдері". Мақсаты.	Құрастыру ойыны "Текшелер". Балалар текшелерден балабақшаны

	бағдарлау жаттығулары Еркін ойын: "Мысық пен тышқан". Мақсаты: ойынның шарты бойынша әділ ойнап, шапшаңдықты, жылдамдықты, тапқырлықты танытуға баулу. Барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады. Мысықай аппақ қарасақ, Құйрығы сұр тамаша-ақ,		балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. "Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру. Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. Мақсаты: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары	Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Кімге не керек? Қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Балабақша қызметкерлерінің еңбегі" Мақсаты: балалардың балабақшада қызмет жасайтын әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру; үйлесімді қарым-қатынастарды түсе	құрастырады. Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау". Мақсаты: балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауда жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту. Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек.
--	--	--	---	--	---

	Жебедей-ақ ұшады, Көзін жаймен қысады. Тырнақтарын үндемей, Ашқан кезде инедей, Тышқандардың тықырын, Мысықай естісе ақырын, Аңдып аулап алады, Мысықай біздің жарады. «Аңдып, аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың		тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз.	білу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын: "Кімге не қажет?".	
--	--	--	---	---	--

	қолының астынан өтуі мүмкін. Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша қайталана береді. "Ұшты - ұшты" ойыны. Мақсаты: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуді жетілдіру. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын		Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді.		
--	---	--	--	--	--

	зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.				
Таңертенгі жаттығу	Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы! - «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. - «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады. 1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру;				

	2 - бастапқы қалыпқа келу. - «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу - «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады. 1 - жұптар қолдарынан ұстап; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ас - адамның арқауы.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Жаңылтпаштарды қайталау және		"Жәндіктер" тақырыбына	«Балабақша» тақырыбында	Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау

дайындық	жаттау		иллюстрациялар қарау.	иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	ережелері туралы әңгімелесу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	Сауат ашу негізі. "Дыбыс және әріп" Мақсаты: оқушыларды сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуға үйрету. Сөздік қорын, ауызша сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық есту қабілетін жетілдіру мақсатында ойнатылатын ойын: "Бағдаршам". (Мереке күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.) Музыка. "Білімнің - бұлағың"	Дене шынықтыру "Тақтайшаның үстімен адымдап жүру" Мақсаты: балаларды тақтайшаның үстімен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруге үйрету. "Киік" қимылды ойыны. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Ш. Шаяхметов «Білімнің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" Мақсаты: балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімнің – бұлағың» өлеңін

				Мақсаты: балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. "Сылдырмақ" музыкалық-дидактикалық ойын. Қоршаған ортадан ойын-жаттығулар. "Күз келді, бақшама!" Мақсаты: балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту; балабақша маңайында ауа-райын бақылауда күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата".	оқып- үйретіп, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Дидактикалық ойын: "Ғажайып қоржын". Вариативті компонент - Ағылшын тілі "How are you?" Мақсаты: "How are you?, I am fine, I am good, I am great, I am sad, Thank you!" лексикалық бірліктерін беру. Mnemonica "Cat".
--	--	--	--	--	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Күнді бақылау. Мақсаты: күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету. Көркем сөз Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсаты: балалардың бойына		Құмырсқаны бақылау Мақсаты: құмырсқалардың пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру. Қатар - қатар қара нар, Аспанменен бара бар, Алды биік, арты жар. /Құмырсқа/. Көркем сөз Қаламайды құмырсқа Қаңғыруды, билеуді. Тыным алмай, ырысқа	Күнді бақылауды жалғастыру. Мақсаты: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін	Аспанды бақылау. Мақсаты: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілдірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін,мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше,

	еңбекке деген құштарлығын ояту. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. Мақсаты: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады.		Толтырады илеуді. Тапқан заты ауыр боп, Түссе бірі әлекке, Қауымдасқан бауыр кеп, Келеді тез көмекке. Ауыртпалық көрмедім Олар алып жықпайтын. Қиындық аз дер едім Түбі жеңіп шықпайтын. Неге? Айтсақ дұрысын: Демей ұсақ, ірісің, Бірі істейді бәрі үші, Бәрі істейді бірі үшін! (Қадыр Мырза Али) Еңбек: алаңдағы жерді қопсыту Мақсаты: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындауды үйрету. Қимылды ойын	жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар күн дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» дегенде ашқан қолшатырдың айналасына жиналады. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	азайып және еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсаты: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын
--	--	--	--	---	--

	Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі берген кезде, "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта		«Қақпан», «Аттар». Мақсаты: жылдамдық пен төзімділікті дамыту. Жеке жұмыс: баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Мақсаты: төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.		шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. Мақсаты: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге
--	--	--	---	--	---

	басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. Жұмбақ. Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн) Болжам. Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді. Еркін ойын: "Қу түлкі". Мақсаты: жүгіру қабілетін дамыту.				аллергиясын ескеру тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы,		"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы	Математика негізінен ойын-жаттығулар. "Мен және менің достарым" Мақсаты: балаларды сандар жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру. Логикалық жаттығу:	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Түл бағымызда өскен ақкекірелер" Мақсаты: балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы ақкекірелердің қарапайым сұлбастарын салуға

	машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады. "Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.		заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. «Адам қандай заттарды жасаған?» - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені	"Саны қанша екенін санап айт". Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Көмекшіміз" Мақсаты: балаларды тұзды қамырды жұмсарту; қамырдың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, қамырды домалату, жалпайту, жаю, шымшып бір-біріне біріктіру әдістерін пайдалана отырып мәнті жасауға үйрету. Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Аквариумдағы балықтар" Мақсаты: балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға	үйрету. Саусақ жаттығуы: "Қолдармен суретті көрсетейік". Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар. "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу" Мақсаты: "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру. Дидактикалық ойын "Не жасырынғанын айт". Мақсаты: балалардың ойлау,
--	--	--	---	--	---

			жаратқан?». Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді. "Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаңдыққа баулу.	(балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау. Дидактикалық ойын: "Балық аулау". Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсаты: балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар. Дорба, әртүрлі ойыншықтар және заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап	елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында педагог, содан соң балалар жүргізушінің рөлін кезектесіп атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жәнә
--	--	--	---	---	---

				тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсаты: балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар:	нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар". Сюжетті-рөлдік ойын "Балабақша". Мақсаты: балалардың балабақша және бұнда жұмыс істейтін мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау,
--	--	--	--	--	--

			құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп	пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс істейтін мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушысына қажетті құралдар. Шарты. Балалар алдымен өз еріктері бойынша балабақша қызметкерлерін тағайындайды. Мамандардың рөлінде ойнайтын балалар өздеріне қажет құралдарды
--	--	--	--	--

				береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді.	тандап, белгілі бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандарды ойнайтындар кім, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды, қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады.
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаш Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатка тақпақ, Жатта тақ-тақ.		Шығармашылық уақыты: "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру". Масқаты:	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Сөздік қорларын ойыншық	"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты. Баланың сөздік қорын жақын

			балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштарлығын жетілдіру.	атауларымен толықтыру. Қазақ тілінен ойын-жаттығу. Мақсаты: тәрбиеленушілерді амандасу, қоштасу кезінде қолданылатын сөз тіркестерімен таныстыру. "Ойыншықтар" тіл дамыту ойыны.	туыстарын білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар. Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры.				

тағы басқа әрекеттер)	Арт-терапиялық суреттер бояу. Шығармашылық уақыты: "Қала көшесі". Мақсаты: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру. Жапсырудан ойын-жаттығу. "Менің үйім осындай" Мақсаты: балаларды қағаз бетіне геометриялық пішіндерден үйдің дайындамаларын орналастыру және желімдеуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Үйді құрастыр".
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".

Әдіскер:

А.А.Сулейменова